

Жетісу облысы Панфилов ауданының әкімшілік - аумақтық құрылысындағы өзгертулер туралы

Жетісу облыстық мәслихатының 2025 жылғы 28 наурыздағы № 26-160 бірлескен шешімі және Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы 28 наурыздағы № 84 қаулысы. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2025 жылы 2 сәуірде № 289-19 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес және аудандық өкілді және атқарушы органдардың пікірін ескере отырып, Жетісу облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жетісу облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Панфилов ауданы Жаскент ауылдық округі Н.Головацкий ауылының әкімшілік - аумақтық бағыныстылығы және Панфилов ауданы Талды ауылдық округі Жерұйық ауылының әкімшілік - аумақтық бағыныстылығы Панфилов ауданы Жаркент қаласының әкімшілік - аумақтық бағыныстылығына өзгертілсін.

2. Панфилов ауданы Жаскент ауылдық округі Сұптай ауылының әкімшілік - аумақтық бағыныстылығы Панфилов ауданы Бірлік ауылдық округінің әкімшілік - аумақтық бағыныстылығына өзгертілсін.

3. Панфилов ауданының Жаскент ауылдық округі таратылсын.

4. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бірлескен қаулы мен шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жетісу облысының әкімі

Б. Исабаев

Мәслихат төрағасы

Г. Тойлыбаева